

8D02301 - филология білім беру бағдарламасы бойынша философия  
докторы PhD академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған Молдир  
Айdosовна Алшынбаеваның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі  
(казак, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысы туралы  
**ПКР**

Молдир Айdosовна Алшынбаеваның докторлық диссертациясы қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың тілдік көрінісін жан-жақты анықтап сипаттауға арналған.

Қазақ тіл білімінің антропоөзектік бағыттағы зерттеулерінде тілді тек тіл жүйесі тұрғысынан зерттеп қана қоймай, сондай-ақ тіл мен тарих, тіл мен мәдениет байланысын анықтау бойынша зерттеулер жүргізуін маңызы зор. Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының өзектілігі даусыз. Диссертациялық жұмыс білім беру бағдарламасына сәйкес келеді.

Тіл білімінде киелі ұғымдарды екі түрлі қырынан, яғни танымдық және лингвомәдениеттану бағытында зерттеп-зерделеу олардың қырларын жан-жақты терең ашуға көмектеседі. Сондықтан туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдарға қатысты зерттеулер алғашқы рет жүйеленіп, сарапталуы, ағылшын және қазақ киелі лексикасы құрамының, ерекшеліктерінің айқындалуы, екі тілдегі киелі сандардың метафизикалық сипатта алғаш рет салғастырылып талдануы, қазақ халқы үшін жылқы малына қатысты киелі ұғымдардың мәнін ашуға талпыныс жасалуы, киелі жануарларға жататын итке, байланысты киелі ұғымдардың мифологиялық негіздерінің анықталуы, екі тілдегі киелі деп саналатын қасқыр/бөріге қатысты тұрақты сөз тіркестерінде киелі ұғымдардың сақталуы тілдік деректермен дәлелденуі жұмыстың жаңалығына жатады.

Диссидент зерттеу жұмысында нәтижеге жету үшін түрлі әдістерді жан-жақсы пайдаланған. Қазіргі тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып екі тілдегі, атап айтқанда, қазақ, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде киелі атаулардың лексикалық және ұлттық ерекшеліктерін зерттеп зерделеген. Отандық және шетелдік тіл білімінде жазылған еңбектердегі тұжырымдар зерттеудің ғылыми, теориялық, әдіснамалық негізін қалаған.

Қазақ тілі европалық ағылшын тіліне туыс емес екені белгілі, диссертациялық жұмыста екі тілдің өздеріне тән тілдік занылыштарына сүйене отырып, өзара салғастыра зерттелуі, әсіресе қазіргі жаһандану үдерісі кезінде өзекті мәселенің бірі болып саналады. Қазіргі уақытта алуан түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, дүние жүзіндегі халықтардың бір-бірінің тілі мен мәдениетіне, тарихы мен әдебиетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне деген қызығушылығы артып келеді. Жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады, оның теориялық және практикалық маңыздылығы бар екені анық.

Зерттеу жұмысының міндеттеріне байланысты қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылған:

- киелі ұғым тек дінге ғана тәуелді емес, ол – табиғатты, қоршаған ортандың қастерлеумен байланысты туындастын түсініктердің

жынтығы. Сол себепті киелі ұғымның табиғатын тереңінен түсініп талдауда метафизикалық интерпретация кеңінен пайдаланылған;

- ағылшын және қазақ тіліндегі киелі сандардың түпкілікті мәні – киелі кіндік, «әлем бейнесі» түсініктерімен тікелей байланысты болғандықтан метафизикалық түсініктер арқылы киелі ұғымдардың қалыптасуы дәлелденген;
- жылқы малын қазактар және ағылшындар ерекше құрмет тұтатындығын, екі халық та жылқыны киелі жануар деп есептейтіндігін тілдік деректер арқылы дәйектеген, жылқыға қатысты киелі ұғымдардың қазақ тілінің тұрақты тіркестерінде, этнографиялық деректерінде көбірек көрініс тапқаны анықталған;
- ит екі халықта да ежелгі заманнан бері киелі жануар санатына жататындығы, мифтік деректер мен археологиялық зерттеулерді келтіре отырып айғақталған;
- екі халық үшін де қасқыр киелі жануарлардың бірі ретінде танылатындығы, қасқырға қатысты екі тілде де ұқсас тұрақты тіркестер кездесетіндігі, қазактарда да, ағылшындарда да қасқыр руынан шыққандығы, бөріден тарағаны туралы аныздар, жырлар мен шежірелерде түсініктер бар екендігіне дәлел келтірілген.

Зерттеу жұмысының әрі теориялық, әрі практикалық маңызы бар.

Зерттеу жұмысындағы теориялық тұжырымдарды шетел тілдері мен филология факультеттерінде лексикология, тіл тарихы, салыстырмалы, салғастырмалы лексикология бойынша оқылатын элективті курстарда пайдалануға болады. Семинар сабактарында, сонымен қатар шетел тілдері, филология факультеттерінің студенттері, магистранттары, докторанттарына арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде қолдануға болады.

Аталған ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны әртүрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus және WoS халықаралық мәліметтер базасындағы журналда, ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда журналдарда жеткілікті жарияланған.

Қорыта айтқанда, Алшынбаева Молдир Айdosовнаның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады. Ізденуші М. А. Алшынбаева 8D02301 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймыз.

Шетел тілдер факультеті,  
Е.А. Бекетов атындағы Қару  
қауымдастырылған профессоры  
PhD докторы

Ж.А. Есказинованаң қолын растаймыз,



Есказинова Ж.А.